

«КЕЛІСЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің І вице-президент, профессор, доктор
Женгиз Томар
« 18 » 11 2020 ж.

«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің президенті, профессор
В. Абдралилов
« 15 » 11 2020 ж.



САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ХҚТУ-032-2020

УНИВЕРСИТЕТТІҢ ОҚЫТУШЫ-ПРОФЕССОРЛАР, ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЕН ДОКТОРАНТТАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖАРИЯЛАНЫМДАРЫН ЫНТАЛАНДЫРУ БОЙЫНША ІШКІ ГРАНТТАР ЕРЕЖЕСІ

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 Ғылымды коммерцияландыру департаментімен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
- 2 Әзірлеген – Ғылымды коммерцияландыру департаментінің директоры Е.Керимбеков
– Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің басшысы А.Балтабаева
- 3 Келісілді – Даму және қаржыландыру жөніндегі вице-президент Пусат Пилтен
– Ғылыми-зерттеу істер жөніндегі вице-президент К.Беркимбаев
Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Ғ.Мұсаханов
– Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев
- 4 ЕНГІЗІЛДІ – 2020
- 5 Тексеру мерзімі – 2022

Қызметтік қолданыс үшін басылым

Түркістан

Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ
Сапа менеджменті басқармасы

ТЕКСЕРІЛДІ:
"15" 04 2022ж.

КЕЛЕСІ ТЕКСЕРУ:
"15" 04 2022ж.

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық
Қазақ-Түрік университеті
Сапа менеджментінің жұбесі
ЖҰМЫС ДАНАСЫ
№ 149
"11" 11 2020ж.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-032-2020</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Университеттің оқытушы-профессорлар, қызметкерлер мен докторанттардың ғылыми жарияланымдарын ынталандыру бойынша ішкі гранттар ережесі		9 беттің 2 –ші беті

МАЗМҰНЫ

1. Қолданылу саласы
2. Нормативті сілтемелер
3. Атаулар, шартты белгілер және қысқартулар
4. Жауапкершілік және өкілеттілік
5. Жалпы ережелер
6. Ғылыми мақаланы орындау және дайындауға қойылатын талаптар
7. Іріктеу критерийлері
8. Қаржыландыру
9. Қорытынды ережелер
10. Өзгерістерді енгізу тәртібі
11. Келісу, сақтау және тарату

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-032-2020
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Университеттің оқытушы-профессорлар, қызметкерлер мен докторанттардың ғылыми жарияланымдарын ынталандыру бойынша ішкі гранттар ережесі		9 беттің 3 –ші беті

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің (ары қарай Университет) «Университеттің оқытушы-профессорлар, қызметкерлер мен докторанттардың ғылыми жарияланымдарын ынталандыру бойынша ішкі гранттар ережесі» (бұдан былай – Ереже) Университет оқытушы-профессорлық құрамының (бұдан былай – ОПҚ) және ғылыми қызметкерлерінің жауапкершілігі жоғары ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыру мақсатында әзірленген Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Стратегиялық жоспарына сәйкес ғылыми-зерттеу жұмыстарының сапалық және сандық көрсеткішін арттыру негізінде ынталандыру шарттарын белгілейді.

1.2 Осы Ереже Университет ОПҚ-ның, ғылыми қызметкерлерінің және білімгерлерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыруда негізгі құрал болып табылады.

1.3 Осы Ереже университет Президентінің бұйрығымен бекітілген қызметтегі өкілдеріне және Университет ОПҚ-на, ғылыми қызметкерлеріне және білімгерлеріне қолданылады, Университеттің барлық құрылымдық бөлімдеріне ендіріледі.

2. НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР (СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР)

Университеттің осы Ережесінде төменде көрсетілген нормативті құжаттарға сілтемелер қолданылған:

- ҚР 2011 жылғы 18 ақпанындағы «Ғылым туралы» Заңы;
- ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы №575 Қаулысымен бекітілген «Ғылыми және/немесе ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидасы» (өзгерістерімен - ҚР Үкіметінің 06.10.2020 № 642 қаулысы).
- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы;
- ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы N 128 бұйрығымен бекітілген Ғылыми атақтар (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор) беру ережесін бекіту туралы ережесі (өзгерістерімен - ҚР Білім және ғылым министрінің 16.01.2019 № 15 бұйрығы).
- Университеттің 28.03.2012 ж. күні бекітілген Жарғысының 10 (в), 15 (б), 16-баптары;
- ҚП ХҚТУ-7.5.3-2020 Құжатталған ақпараттарды басқару;
- Бекітілген Сенат шешімдері.

3. АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Бұл Ережеде пайдаланылған терминдер және анықтамалар тізбесі:
 ҚР – Қазақстан Республикасы;
 ОПҚ – оқытушы-профессорлар құрамы;
 ЖОО – Жоғары оқу орындары;
 ҚР БжҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;
 Университет – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;
 Сараптамалық комиссия – Ғылыми-зерттеу істері жөніндегі вице-президент тарапынан ұсынылған және Университет президентінің бұйрығымен бекітілген арнайы комиссия.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-032-2020
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Университеттің оқытушы-профессорлар, қызметкерлер мен докторанттардың ғылыми жарияланымдарын ынталандыру бойынша ішкі гранттар ережесі		9 беттің 4 –ші беті

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің осы Ережесі талаптарының енгізілуіне Ғылыми-зерттеу істері жөніндегі вице-президент жауапты болып табылады. Ұйымдастыру жұмыстарымен Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бөлімі айналысады.

5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы №575 Қаулысымен бекітілген «Ғылыми және/немесе ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидасы және Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы «Ғылым туралы» Заңына сәйкес, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 28.03.2012 ж. күні бекітілген Жарғысының 10 (в), 15 (б), 16-баптары негізінде жауапкершілігі жоғары ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыру максаттарында әзірленген.

5.2. Ереженің негізгі мақсаты, ғылыми мақалалар арқылы университет ғылымының инновациялық приоритетті бағыттарының әлемдік зерттеулерге кірігуін қолдау, әлеуетін арттыру және университет ғалымдарын материалдық қолдау арқылы ынталандыру болып табылады.

5.3. Инновациялық ғылыми-зерттеу жұмыстарын университет тарапынан гранттық қаржыландыру конкурстық негізде өткізіледі және конкурс өткізу барысында осы Ереже негізге алынады, яғни осы ереженің талаптары бойынша конкурс өткізіледі және нәтижесі шығарылады.

6. ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАНЫ ОРЫНДАУ ЖӘНЕ ДАЙЫНДАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

6.1. Ғылыми мақаланы дайындауға университет ОПК-ы, ғылыми қызметкерлері өтінім негізінде қатыса алады.

6.2. Ғылыми мақалалар орыс, қазақ немесе ағылшын тілінде, электронды нұсқасы ұсынылады.

6.3. Ғылыми мақаланың электронды нұсқасы 15 беттен кем емес, MicrosoftWord форматында (*.doc немесе *.docx) болуы керек.

6.3. Ғылыми мақала бағытына сәйкес дайындалып, ұсынылады.

6.4. IMRAD талаптарына сәйкестендірілген болуы қажет.

6.5. Антиплагиат бағдарламасынан өтуі тиіс.

6.6. Ғылыми мақала ғылыми автордың қолымен расталады.

6.7. Ғылыми мақала бұрын еш жерде жарияланбаған болуы тиіс.

6.8. Мақаланың дайындалу тіліне байланысты бетінде университеттің қысқаша атауы (ағылшынша, орысша, қазақша, түрікше) келтірілген жағдайда. Мысалы:

- қазақша: «Ахмет Ясауи университеті, Түркістан, Қазақстан»

- түрікше: «Ahmet Yesevi Üniversitesi, Türkistan, Kazakistan»

- орысша: «Университет Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан»

- ағылшынша: «Akhmet Yassawi University, Turkestan, Kazakhstan».

6.9. Ғылыми мақалада автордың электронды адресі университетіміздің доменімен жазылған жағдайда. Мысалы: xxxxxxxx @ayu.edu.kz .

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-032-2020
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Университеттің оқытушы-профессорлар, қызметкерлер мен докторанттардың ғылыми жарияланымдарын ынталандыру бойынша ішкі гранттар ережесі		9 беттің 5 –ші беті

6.10. Ғылыми мақаланы жариялау кезінде, қаржыландыру көзі «Ахмет Ясауи университеті» көрсетіле отырып сілтеме жасауы тиіс. Мысалы: «Мақала Ахмет Ясауи университетінің қаржылай қолдауы негізінде дайындалды».

7. ІРІКТЕУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

7.1. Конкурсқа келген ғылыми мақалаларды сараптау үшін арнайы сараптамалық комиссия құрылады.

7.2. Осы ереженің талаптарына, мазмұны мен рәсімделуіне сәйкес дайындалған ғылыми мақала өтінім негізінде Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бөліміне әр оқу жылында мамыр айының 31 жұлдызына дейін ұсынылады.

7.3. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бөліміне келіп түскен өтінімдер сараптамалық комиссияға ұсынылады және іріктеледі;

7.4. Бірінші кезекте жоғары деңгейде бағаланған ғылыми мақалалар басымдыққа ие болады;

7.5. Сараптамалық комиссияның шешімімен баспаға ұсынылған ғылыми мақала университет тарапынан қаржыландырылады және баспасына байланысты қаржы көлемі анықталады.

8. ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

8.1. Сараптамалық комиссия шешімі мен университет президентінің бұйрығы негізінде қаржыландырылады.

8.2. Ғылыми мақаланың қаржысы Квартиль (WOS JCR - Q1, Q2, Q3) немесе процентиль (Scopus – 25-99%) бойынша **толық (100%) төленеді:**

- ғылыми мақалада бірінші автор университет оқытушысы, қызметкері немесе докторанты* болған жағдайда;

- шетелдік коллаборация негізінде жарияланған мақала;

- *докторанттар үшін бірінші мақала рейтингті журналда (WOS JCR - Q1, Q2, Q3 немесе процентиль Scopus - 25-99%) жарияланған жағдайда, екінші және келесі мақалалары үшін;

жартылай (50%) төленеді:

- Республикалық коллаборация негізінде жарияланған мақала.

8.3. ҚР-нің министрліктері, Ғылым қоры, шаруашылық келісім-шарт, және т.б. сол сияқты қаржыландырылатын жобалар негізінде жарияланған мақалалар қаржыландырылмайды.

8.4. Ғылыми мақала қаржысы автор Өтінімінің негізінде ұсынылады.

8.5. Ғылыми мақала қаржысы мақала жарияланғаннан кейін төленеді.

8.6. Университеттің қаржыландыруымен жарияланған мақалалар УЕ-ХҚТУ-081-2021

Импакт-факторлы журналдарда жарияланған ғылыми мақала және патент авторларын марапаттау Ережесі бойынша марапаттау қарастырылмайды.

9. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы ережеде көрсетілмеген мәселелер туындаған жағдайда белгіленген тәртіпте Сараптамалық комиссиясының шешімі негізге алынады.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-032-2020</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Университеттің оқытушы-профессорлар, қызметкерлер мен докторанттардың ғылыми жарияланымдарын ынталандыру бойынша ішкі гранттар ережесі		9 беттің 5 –ші беті

6.10. Ғылыми мақаланы жариялау кезінде, қаржыландыру көзі «Ахмет Ясауи университеті» көрсетіле отырып сілтеме жасауы тиіс. Мысалы: «Мақала Ахмет Ясауи университетінің қаржылай қолдауы негізінде дайындалды».

7. ІРІКТЕУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

7.1. Конкурсқа келген ғылыми мақалаларды сараптау үшін арнайы сараптамалық комиссия құрылады.

7.2. Осы ереженің талаптарына, мазмұны мен рәсімделуіне сәйкес дайындалған ғылыми мақала өтінім негізінде Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бөліміне әр оқу жылында мамыр айының 31 жұлдызына дейін ұсынылады.

7.3. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бөліміне келіп түскен өтінімдер сараптамалық комиссияға ұсынылады және іріктеледі;

7.4. Бірінші кезекте жоғары деңгейде бағаланған ғылыми мақалалар басымдыққа ие болады;

7.5. Сараптамалық комиссияның шешімімен баспаға ұсынылған ғылыми мақала университет тарапынан қаржыландырылады және баспасына байланысты қаржы көлемі анықталады.

8. ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

8.1. Сараптамалық комиссия шешімі мен университет президентінің бұйрығы негізінде қаржыландырылады.

8.2. Ғылыми мақаланың қаржысы Квартиль (WOS JCR - Q1, Q2, Q3) немесе процентиль (Scopus – 25-99%) бойынша **толық (100%) төленеді:**

- ғылыми мақалада бірінші автор университет оқытушысы, қызметкері немесе докторанты* болған жағдайда;

- шетелдік коллаборация негізінде жарияланған мақала;

- *докторанттар үшін бірінші мақала рейтингті журналда (WOS JCR - Q1, Q2, Q3 немесе процентиль Scopus - 25-99%) жарияланған жағдайда, екінші және келесі мақалалары үшін;

жартылай (50%) төленеді:

- Республикалық коллаборация негізінде жарияланған мақала.

8.3. ҚР-нің министрліктері, Ғылым қоры, шаруашылық келісім-шарт және т.б. сол сияқты қаржыландырылатын жобалар негізінде жарияланған мақалалар қаржыландырылмайды.

8.4. Ғылыми мақала қаржысы автор Өтінімінің негізінде ұсынылады.

8.5. Ғылыми мақала қаржысы мақала жарияланғаннан кейін төленеді.

9. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы ережеде көрсетілмеген мәселелер туындаған жағдайда белгіленген тәртіпте Сараптамалық комиссиясының шешімі негізге алынады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-032-2020
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Университеттің оқытушы-профессорлар, қызметкерлер мен докторанттардың ғылыми жарияланымдарын ынталандыру бойынша ішкі гранттар ережесі		9 беттің 6 –ші беті

10. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

10.1. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеттің осы Ережесін басқару және оған өзгерістер енгізу ҚП ХҚТУ-7.5.3-2020 сәйкес жүзеге асады.

10.2 СМЖ құжатымен танысу «танысу парағына» (Қосымша 1) және енгізілген өзгерістер «өзгерістерді тіркеу парағына» (Қосымша 2) тіркелуі тиіс.

11. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

11.1 Бұл Ереже Университет Сенатының 2020 жылғы 18 қарашадағы (№4 хаттама) мәжілісінің шешімімен бекітілді.

11.2 Осы Ереженің бақылау данасы Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығында, жұмыс данасы Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінде сақталады.

11.3 Тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бөліміне жүктеледі. Осы университет Ережесінің жұмыс нұсқалары қажетті заңды және жеке тұлғаларға жіберіледі. Сонымен қатар, міндетті түрде деканаттар мен кафедраларға жолданады.

КЕЛІСІЛДІ:

Даму және қаржыландыру жөніндегі
вице-президент


Ғылыми-зерттеу істер жөніндегі
вице-президент

Құқықтық қамтамасыз ету
бөлімінің басшысы

Стратегиялық жоспарлау, рейтинг
және сапа орталығының басшысы



Пусат Пилтен



К.Беркимбаев



Ғ.Мұсаханов



Ж.Дарибаев

